



Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда № 15584 болып тіркелді.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 01.03.2023 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Мектепке дейінгі ұйымдарда қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Орта білім беру ұйымдарында, оның ішінде мамандандырылған және арнайы білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 01.03.2023 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 22 қазандағы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4995 болып тіркелген, 2007 жылғы 30 қарашадағы № 184 (1387) "Юридическая газета" газетінде жарияланған) № 501 бұйрығы;

2) "Қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 22 қазандағы № 501 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14751 болып тіркелген, 2017 жылғы 9 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкісінде жарияланған) № 715 бұйрығы.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (Е.Ерсайынов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі Б.А. Асыловаға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғанқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Е. Сағадиев

Білім және ғылым министрі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары –

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрі

_____ А.Мырзахметов

2017 ж. 23 шілде

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

_____ Б.Сұлтанов

2017 ж. 7 тамыз

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және спорт министрі

_____ А. Мұхамедияұлы

2017 ж. 28 шілде


қосымша 12

БЕКІТЕМІН

Ұлытау облысы

білім басқармасының

«Жезказған қаласының білім
бөлімі»ММ басшысының м.а.

 Г.С.Райсова

Бұйрық №44-п

«08» 11 2023 жыл

Жезказған қаласы білім бөлімінің «№133 негізгі орта мектебі»КММ
Қамқоршылық кеңестің құрамы 2023-2024 оқу жылы

№	Кенес мүшелерінің аты- жөні	Жұмыс орны	Қамқоршылық кеңестегі кызметі
1	Масютенко Светлана Юрьевна	Жұмыссыз	Қамқоршылық кеңестің торайымы
2	Валь Регина Геннадьевна	Жезказған Трейд. сауда агенті	Қамқоршылық кеңестің торайым көмекшісі
3	Игенбесков Жангазы Байкенович	ТОО «KMG-Security» күзетші	Қамқоршылық кеңестің мүшесі
4	Икрамжанова Еркеназ Серікқызы	Жұмыссыз	Қамқоршылық кеңестің мүшесі
5	Рысмазганбетова Асем Куанышевна	Жұмыссыз	Қамқоршылық кеңестің мүшесі
6	Байдильдинова Алтыншаша Сабыровна	КСК «Үміт» мастер	Қамқоршылық кеңестің мүшесі
7	Шлехт Елена	Жұмыссыз	Қамқоршылық кеңестің мүшесі
8	Алпысбаев Азамат Темирханович	Жеке кәсіпкер	Қамқоршылық кеңестің мүшесі
9	Хасенова Меруерт Ерболсынқызы	ЖК «Ерболсын»	Қамқоршылық кеңестің мүшесі

УТВЕРЖДАЮ

Председатель попечительского совета

Масютенко С.Ю.

«28» 09 2023ж

СОГЛАСОВАНО

Директор ОСШ №133 :

Обайдуллина А.С.

«28» 09 2020ж

План работы попечительского совета школы**2023-2024 учебный год**

№	Мероприятия	Сроки	Ответственные
1	Заседание №1. 1. Утверждение состава Попечительского Совета школы 2. Утверждение плана работы ПС на 2023-2024 учебный год 3. Об итогах помощи по всеобучу 4. Утверждение расписания уроков.	Сентябрь	Администрация школы
2	Заседание №2 1. Организация и осуществление контроля за качеством горячего питания. Проверка столовой 2. Содействия в улучшении качество-воспитательного процесса. Участие в организации празднования Дня Учителя 3. Родительские запреты: Что и как запрещать ребенку?	Октябрь	Соц педагог Члены попечительского совета, педагог-психолог.
3	Заседание №3 1. Содействие в организации Новогодних праздников, в сооружении снежного городка. Привлечение родителей и спонсоров к участию в организации и проведения Новогодних праздников. 2. Участие в профилактических рейдах, посещение совместно с администрацией школы квартир неблагополучных семей	Декабрь	Председатель ПС Масютенко С.Ю Члены ПС
4	Заседание №4 1. Организация летнего оздоровления и трудовой занятости учащихся из малообеспеченных семей во время летних каникул 2. Отчет о проделанной работе Попечительского Совета школы за 2023-2024 учебный год.	Май	Председатель ПС Масютенко С.Ю

Қамқоршылық кеңес отырысының
№1 хаттамасы

Өткізілген күн: 28 қыркүйек 2023
Уақыты: 17.00

Қатысқандар: Мектеп директоры, тәрбие - ісінің орынбасары, әлеуметтік педагог.

Шақырылғандар: Қамқоршылық кеңес төрайымы, мүшелері.

Қатысқаны - 6

Қатыспағаны -3

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарымен таныстыру,
2. 2023-2024 оқу жылына жоспарды бекіту:
3. Оқушылардың тегін тамақтануы:
4. Мектеп басшысының қаржылық есебі
5. Әр түрлі

1-ші сөйлеген мектеп директоры Обайдуллина А.С мектепке бөлінген қаржы 2023 жылдан бері мектепке алынған заттар,кабинеттер,құрал-жабдықтар, жазғы демалыс уақытында сауықтыру лагеріне бөлінген қаражаттар туралы,әр спецификаға бөлінген қаражаттар туралы есеп берді. Сонымен қатар лагерьлерге жолдама бойынша жетістігі бар, әлеуметтік осал топтағы оқушылар баратының ескертті.

3-ші сөйлеген әлеуметтік педагог Исмаилова Сания Жаксыгелдиевна биылғы оқу жылында 40 оқушыға жалпы оқу қорынан 41000теңге берілгенің, биылғы оқу жылында асханадан 1-4 сыныптарда 126 оқушы , 5-9 сыныпта 17 оқушы тегін тамақпен қамтылғаның айтты. Егер әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларды біліп отырса, дереу мектеп әкімшілігіне хабарлау туралы ескертті.

3-ші сөз алған Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Масютенко С.Ю жоспармен таныстырып, тағы қандай іс шаралар қосуға болатының сұрап, жұмыс жоспарын өзгертуге болатының айтты.

Шешім:

1. 2023-2024 оқу жылына қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту;
2. Қамқоршылық кеңес (бракераждық комиссия)мүшелері ай сайын мектеп асханасын тексеру ;
3. Тоқсан сайын

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:
Хатшы:

С.Ю.Масютенко
 С.Т.Омарова

**Щучинск қаласындағы «Балдәурен» республикалық оқу- сауықтыру
орталығына оқушыларды жіберу туралы кезектен тыс қамқоршылық
кеңес жиналысының**

№2 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күн : 27.11.2023ж

Сағат 13.00

Қатысқандар: мектептің әкімшілігі, әлеуметтік педагог

Шақырылғандар: қамқоршылық кеңес төрайымы, қамқоршылық кеңес мүшелері

1-ші сөз алған мектеп директоры Обайдуллина А.С Жезқазған қаласының білім бөлімінен 27.11.2023 ж №293 бұйрығымен таныстырды. Желтоқсан айының 05-24 аралығында Щучинск қаласындағы «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығына 5-9 сынып оқушылары арасында 3 оқушы жіберу керектігі туралы бұйрық келгендігін айтты. Щучинск қаласындағы «Балдәурен» республикалық оқу- сауықтыру орталығының жолдамасы оқушыларға тегін екенін, тек оқушылардың барып-қайту шығындарын ғана ата-аналар өздерінің есебінен төленетінін айтып , оқушыларды жіберу керектігі туралы шешім шығару үшін ,кезектен тыс отырыс өткізіліп жатқандығын айтты.

2-ші сөз алған мектептің тәрбие ісінің орынбасары орталыққа орыс сыныптардан жіберу керектігін айтып, оқу үздіктерін 5-6 сыныптан, спортшыларды 8-9 сыныптан алу керектігін ескертті.

3-ші сөз алған мектептің әлеуметтік педагогі Исмаилова С.Ж орыс сыныптарда жақсы оқитын, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысатын, осы уақытқа дейін ешқандай лагерьге бармаған 5 «Б» сынып оқушысы Галиева Марияны, 6 «Б» сынып оқушысы Фаталиев Русланды, спорттық жетістіктері бар 8 сынып оқушысы Запека Романды жіберуге ұсыныс айтты.

4-ші сөз алған қамқоршылық кеңесінің мүшесі Шлехт Елена оқушылардың жетістіктері болса, берілген санатқа келсе жіберуге болатынын айтты.

Шешім:

1. Щучинск қаласына «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығына үздік оқушылар 5-6 сынып оқушылары Галиева Мария, Фаталиев Р, спортшы 8 сынып оқушысы Запека Романды жіберу:
2. Оқушының ата-анасымен түсіндірме жұмысын жүргізу туралы шешім қабылдады.

Төрайымы:

Хатшы:



С.Масютенко

С.Омарова